Г.Н. Потанин қартайған шағында қазақтардың өміріне қызығушылық танытуды тоқтатпады, Томск қаласында тұрып, 1917 жылы «Төңкерістен кейінгі қазақтар» шығармасын жазады. Оның кейбір қызықты тұстарын көрсетейік: «Даланың әр жерінде қазақ комитеттері пайда болды, олар басқаруды жаңа демократиялық принциптерге айналдыра бастады. Өзінің ұлтына деген қызығушылық бірден артты. Қазақ газеттері шығып жатыр, олар өз алдына еуропалық идеяларды қазақ бұқарасына тарату міндетін қойды. Қазақтың ең ықпалды басылымы – Торғай облысының тумасы Ахмет Байтұрсынов негізін қалаған «Қазақ» газеті Орынборда басылады. Газетті құрастыруда Байтұрсыновқа Дулатов пен сұлтан Әлихан Бөкейханов көмектесіп жатыр. Әлихан Бөкейханов – Қарқаралы ауданының тумасы, Тоқырау өзенінен. Ол Петроградтағы орман шаруашылығы институтының курсына аяқтаған.

Қазіргі уақытта қазақтарда төрт газет бар: 1) «Қазақ», Орынборда шығады, 2) «Сарыарқа», Семейде шығады, 3) Бөкей Ордасында «Ұран», 4) «Алаш», Ташкентте басылып шықты. Қазақ баспасөзі қазақ халқының бойындағы ұлттық сананы оятуды өзінің алғашқы міндеттерінің бірі ретінде қойды, бірақ оның үгіт-насихаты халықтың тек жоғарғы қабаттарын қамтып, сауатсыз бұқараға таралмады. Сонымен, оның жоғарғы қабаттарға әсері толық болмады. Өйткені ол цензурамен шектелді.

Ресейдегі төңкеріс қазақ өмірін мықтап байлаған түйінің үзді. Баспасөзге еш қысылмай сөйлеуге мүмкіндік берілді. Қазақтың жасырын жастар ұйымдары құдайдың нұрына шығып, патриоттық «Бірлік» қоғамына бірікті. Республика жариялаған сайын дала терең тыныс алды. жағдай күрт өзгерді. Күйсіз арман деп есептелген нәрсе үмітке айналды; мызғымастай көрінген нәрсе қозғала бастады. Үш миллиондық қазақ халқы

ғасырлар бойы сол қалпында қалып қойғанымен, қазір республика жарияланып, бұл бұқара мұз тұтастай көшті.

Қоғамдық мүдделер қорғала басталды, қазақ қоғамдарын ұйымдастыру қолға алынды. Қазақ комитеттері даланың әр жерінде құрылып, олардың арасында байланыс орнады. Ең алдымен қазақ халқының өкілдері қазақ даласына земстволық мекемелерді енгізу мәселесін қолға алды. Земство халыққа қоғамдық қажеттіліктер үшін салық салуға әкеледі. Халық басшыларының қолында ақша болса, халық ағарту ісін тиісті деңгейге көтеруге мүмкіндік алады. Дала мектебі өзгереді. Даладағы жүйелі мектеп желісі бойынша әлі бірде-бір жоба жасалмағанымен, бұл туралы қазірдің өзінде айтылып жатыр. Қазақтар педагогика ғылымының соңғы жаңалықтарын ұтымды пайдаланып, ең алдымен, халық мұғалімдерін дайындау үшін далада бірқатар мұғалімдер семинарияларын құру көздеп тұр.

Болашақта қазақтар бүкіл қазақтың рухани өмірінің орталығына айналуы тиіс, жастар университетте білім алуды армандайды. Қазақ қозғалысында мемлекетке қауіпті ештеңе жоқ. Бұл салауатты, ұлттық қозғалыс. Мемлекет қазақтардың өз халқының ішінде өзінің жасампаздық күш-қуатын дамытумен айналысатындығынан ешқандай қауіп-қатерді болжамайды» [9, Б. 3]. Бұл сөздерде біз ғалым, ағартушы-демократ Г.Потаниннің жоғары деңгейдегі адамгершілігін, қазақ халқына деген жылы ілтипатын көріп тұрмыз.

### **Қорытынды**

Осылайша, гуманист ғалымның қазақтар туралы айтқанын талдау халықтың өзіндік сана-сезімін қалыптастырудағы, қазақтарды дүниежүзілік мәдениет пен ағартушылыққа таныстырудағы жоғары рөлі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, біз Г.Н. Потанин қазақ халқының ірі жақтаушысы ретінде, отаршылдық әкімшілігі алдында оның мүддесін қорғаушы екенін түсініп білдік. Ол жаңадан бой көтерген «Алаш» қозғалысын

жан-жақты қолдап, оның басшыларының табыстарына қуанып, олар өз кезегінде оны «Сібір ақсақалы» деп ризашылықпен атаған.

«Алаш» жалпыұлттық қозғалысының көшбасшысы Ә.Н. Бөкейханов 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында Г.Н. Потанинге ғалым, белсенді қоғам қайраткері, қазақ халқының досы ретінде өте жоғары баға берді. Бұл қазақ зиялыларының «Сібір ақсақалына» деген құрмет, әрі сипайылығы еді.

1915 жылы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдығына орай Алаштың көрнекті қайраткері Міржақып Дулатұлы ол туралы естелік мақала жазды, ал ақын, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов оған өлең жолдарын арнаған [10, Б. 79-83].

Григорий Потанин – тұңғыш қазақ зиялысы Шоқан Уәлиханов пен XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының тамаша өкілдері арасындағы дәнекер көпір іспеттес. Григорий Николаевич қиыншылық пен қуғын-сүргінге толы, бірақ ұзақ өмір сүрді: ол 1920 жылы 85 жасында дүниеден өтті. Ол өзінің досы әрі пікірлес адамы болған Шоқан армандаған қазақ халқының өміріндегі өзгерістерді, ағартушылық қызметінің жемісін көре алған нағыз бақытты адам болды [11].

Г.Н. Потаниннің бүкіл өмірі мен қызметі ұлтына, дініне қарамастан адам игілігіне арналды, сондықтан оны бас әріппен Гуманист деп атаймыз. Оның қазақ даласында дүниеге келгенін мақтан етеміз.

## Әдебиеттер

- [1] Зиновьев В.П. Григорий Потанин как друг азиатских народов // Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Тарих сериясы. – № 2(14). – 2011. – Б. 34-36.
- [2] Письма Г.Н. Потанина. Т. 3. / Құраст. А.Г. Грумм-Гржимайло және басқалар. – Иркутск: Иркутск университетінің баспасы, 1989. – 296 б.
- [3] Потанин Г.Н. Первые лучи Востока. // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Наука, 1968. – Б. 613-618.
- [4] Потанин Г.Н. Нужды Сибири // Сибирь, ее современное состояние и нужды: [Мақалалар жинағы]. – С.-Пб., 1908. – Б. 260-294.
- [5] Потанин Г.Н. Новый курс в деле инородческой школы // Сибирская жизнь. – № 73. – 1915.
- [6] Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича (из поездки в Кокчетавский уезд) // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 5. – Алма-Ата: Наука, 1985. – Б. 314-315.
- [7] Потанин Г.Н. На притоке реки Токрау // Труды по этнографии и фольклору. – Астана: Алтын кітап, 2007. – Б. 85-108.
- [8] Потанин Г.Н. Поездка по Восточному Тарбагатаю летом 1864 года Карла Струве и Григория Потанина // Потанин Г.Н. Исследования и материалы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Б. 99-159.
- [9] Потанин Г.Н. Киргизы после переворота // Сибирская жизнь. – № 247. – 1917.
- [10] Потанин Г.Н. Избранные сочинения в трех томах. Т. 1. Путешествия, воспоминания и письма. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. – 550 б.
- [11] Рахимов Е.К. Муса Шорманов и Григорий Потанин: дружба во имя науки. // Омбы ғылыми хабаршысы. – №7(43). – 2006. – Б. 5-8.

## ДЕМОКРАТ-ПРОСВЕТИТЕЛЬ Г.Н. ПОТАНИН И КАЗАХСКИЙ НАРОД

Рахимов Ернур Кендибаевич<sup>а</sup>

<sup>а</sup> Высшая школа искусств и гуманитарных наук, Международный университет Астана, доцент, PhD, уerнур\_rakhimov@mail.ru, 010000, Астана, Казахстан,

**Аннотация.** Григорий Николаевич Потанин – выдающийся ориенталист, фольклорист, этнограф, историк, путешественник и общественный деятель, внесший огромный вклад в научное изучение Казахстана, Сибири и Центральной Азии. В докладе сделана попытка осмыслить роль Г.Н. Потанина в формировании национального самосознания казахов во второй половине XIX – начале XX века. Данная цель достигается путем анализа его высказываний о казахском народе в различные периоды жизни. Г.Н. Потанин с большим уважением относился к казахскому народу, поскольку сам родился в казахской семье в казахских степях, с юных лет дружил с известным казахским ученым Чоканом Валихановым, а в старости имел тесные связи с деятелями Алаш. В конце-концов, мы приходим к логичному заключению, что Г.Н. Потанин как мыслитель-гуманист способствовал пробуждению «Молодой Казахии», оказал значительное влияние на формирование самосознания казахского народа.

**Ключевые слова:** Г.Н. Потанин, история Казахстана, казахи, общественная мысль, национальное самосознание, казахская интеллигенция.

## DEMOCRAT-ENLIGHTENER G.N. POTANIN AND THE KAZAKH PEOPLE

Rakhimov Yernur <sup>a</sup>

<sup>a</sup> Associate professor of the International University of Astana, PhD, yernur\_rakhimov@mail.ru, 010000, Astana, Kazakhstan

**Abstract:** Grigory Nikolaevich Potanin is an outstanding orientalist, folklorist, ethnographer, historian, traveler and public figure who made a huge contribution to the scientific study of Kazakhstan, Siberia and Central Asia. The report attempts to comprehend the role of G.N. Potanin in the formation of the national identity of the Kazakhs in the second half of the 19th - early 20th centuries. This goal is achieved by analyzing his statements about the Kazakh people in different periods of life. G.N. Potanin had great respect for the Kazakh people, since he himself was born into a Cossack family in the Kazakh steppes, from a young age he was friends with the famous Kazakh scientist Shokan, and in old age he had close ties with the Alash activists. In the end, we come to the logical conclusion that G.N. Potanin, as a humanist thinker, contributed to the awakening of the «Young Kazakhia», had a significant impact on the formation of the self-consciousness of the Kazakh people.

**Key words:** G.N. Potanin, history of Kazakhstan, kazakhs, social thought, national self-consciousness, Kazakh intellectuals.

## ТАРИХИ ҚҰЖАТТАҒЫ АЛАШОРДА: ТҰҢҒЫШ ОРАЛ ОБЛЫСТЫҚ СЪЕЗИ ХАТТАМАСЫ

Құндызай Еримбетова <sup>а</sup>

<sup>а</sup> Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, Астана халықаралық университеті, 010000, Астана, Қазақстан, ӨГҒЖМ доценті, т.ғ.к., E-mail: erimbet99@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада заманауи кезеңдегі Әділетті Қазақстанды орнықтыру идеясымен астасып жатқан Алаш идеясының бастау көзіне мән берудің маңыздылығы сараланған. Орал өңірі Алаш қайраткерлерінің ұстанған демократиялық республика идеясы және оны қорғау жолында уақытша үкіметті қолдау себептері, одан кейінгі кеңестік жүйе тұсындағы олардың алаш қайраткерлерінің мақсат-мұраттары жазылған құжаттар зерделенген. Қырғыздардың (Қазақтардың) Орал облыстық съезінің тарихи мәні мен мазмұны, оны ұйымдастырған қайраткерлердің (Ж. Досмухамедов, Х. Досмухамедов, Г.Алибеков және басқалардың) қызметі мен тағдырына қатысты жаңа деректер аясында ғылыми пайым жасалған.

**Түйін сөздер:** Алашорда, Уақытша үкімет, съезд, Мемлекеттік дума, Ұлттық автономия.

### Кіріспе

Заманауи кезеңде қоғамдағы әрбір азамат адамзат һәм ұлт мүддесінің жасампаздық істеріне жұмылдырылуда. Осы орайда республиканың өлкелік тарихының жандануы да заңды құбылыс. Өткен тарихтан тағылым алу, күнделікті өмір тарихын жадымызда жаңғырту өзекті. Ұлытау және Түркістанда өткізілген Ұлттық Құрылтай, қазақстандықтарды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым ғана емес, кешегі мен болашақты да тоғыстыратын алтын көпірге айналды. Халық жадын жадыратты. Әділетті Қазақстанды орнықтыру бағытында Ата заңға сүйене конституциялық реформалық өзгерістермен мемлекеттіліктің тұғыры бекітілуде. Бүгін еліміздің ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдары айқындалған заманда өмір сүріп отырмыз. Бұл кешегі сан мыңдаған алаш арыстарының, Жаханша мен Халел Досмухамедовтердің арманы емес па еді. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға негіз болды. Әділ де ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптастыруда түрлі

салада жан-жақты саяси реформалық өзгерістер енгізілуде. Оны іске асырудың басты құралы - халықтың бірлігі мен қоғамдық келісім болып табылады. Әділеттілік қағидаттарына лайықты болу үшін заманауи жаһандық мәдени-технологиялық өзгерістер аясында азаматтардың жаңаша сана-сезімдерінің жаңғыруы, дүниетанымдары мен өмірлік ұстанымдарын өзгерту де заман талабына айналуға тиіс. Біз халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде шиеленіскен мезгілінде өмір сүріп отырмыз. Яғни: «бір-біріне мүлдем қайшы келетін геосаясатта, экономикада, мәдениет пен руханиятта, идеология салаларында идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белең алған уақытта өмір сүрудеміз. Бұл өзге де мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне сын-қатер. Бұндай жағдайдан әлемде өз орны бар қуатты ел, сапалы ұлт қана шыға алатыны мәлім. Басты сұрақтар: «- Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?» [1]. Қазіргі кезеңде елдің әлемдік даму көшіне ілесуі үшін терең әлеуметтік-мәдени өзгерістерді іске асыру, үздіксіз алға қадам

басу, кедергілерді еңсеру, ұлт құндылығын және оның жаңа сапасын нығайту мұраты тұрғаны мәлім. Бұл бүгінге дейінгі жасалған әлеуеттің жемісі.

### **Материалдар мен тәсілдер**

Аталмыш әлеуеттің бастау көзін біз тарихтың қойнауынан табамыз. Солардың бел ортасында – 1917 жылғы оқиғалар тұр. 1917 жылғы Петроградтағы ақпан төңкерісінен кейін жер-жердегі жұмысшылар митингілері мен шерулерінің үздіксіз легін, бұған дейін астыртын жұмыс атқарып жүрген, социал-демократтардың жетекшілері басқарды. Халқтың мұңын алаш қайраткерлері жырлады. 1915-1917 жылдар аралығында қазақ халқына жасалып отырған езгіге қарсы Орынборда «Еркін дала», Омбыда «Бірлік», Оралда «Жас қазақ, Троицк»-де «Үміт» жастар ұйымдары мен 20 аса үйірмелер мен түрлі топтар (үнпарақтар таратты, өлең жариялады, пікірсайыстар ұйымдастырды) жұмыс атқарған болатын. Олардың ішіндегі ең радикалды революциялық бағдарламамен, Тұрар Рысқұловтың ұйымдастыруымен құрылған Әулиеатадағы «Қазақ жастарының революциялық одағы» болатын-ды. Халықтың келесі бөлігі Уақытша үкіметтің өміршеңдігіне үміт артты. Олар Уақытша үкіметтің азаматтық және атқарушы комитет органдарына кірді. Наурыз айынан бастап Өлкедегі қалалық және темір жол бойындағы шерулердің аяғы, Жұмысшы депутаттарының құрылуына (Орынбор, Ташкент, Омбы, Перовск, Қазалы, Шалқар, Ақтөбе, Орал) әкелді. Тіпті жұмысшылар солдат депутаттар Кеңесімен бірікті (Қазалы, Петропавловск, Семей, Перовск.). Осылайша, жер-жерде Қос үкімет билігі өмірге келді. Уақытша үкімет әскери губернаторларды, генерал-губернаторларды, отаршыл әкімшілік шенеуніктерін билік басынан аластатылды. Оның орнына облыстық комиссарлар, азаматтық атқарушы комитет, коалициондық комитеттер құрыла бастады. Болыстар мен ауылдарда, бұрынғы болыстық және ауылдық билік, селоларда старосталар мен атамандар қалды.

### **Нәтиже және талқылау**

Уақытша үкімет облыстардағы билік басына бұрынғы патшалық отаршыл-шенеуніктерді, қазақ ұлттық интеллигенция өкілдерін қойды. Осылайша, 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында Қазақстандағы Уақытша үкіметтің жергілікті органдары қалыптасты. Мұндай жағдайда Уақытша үкіметтің іс-қимылына қанағаттанбағандықтан да, Революциялық одақ уақытша үкімет өкілдеріне қарсы күрес ашуды қолға алды. Жергілікті жерлердегі социал-демократтарға (оның ішінде большевиктермен қатар құрамында меньшевиктер де болды) Ташкент, Орынбор, Омбы большевиктері басшылық жасады. Әдетте, 1917 жылды қазақ мемлекеттілігінің қайта қалпына келтірудің бастау кезеңі ретінде қараймыз. Неге? XIX – XX ғасырдың басы аралығындағы уақытта қазақ даласындағы ағартушылықпен бірге, қоғамдық саяси сана дами түсті. Ол жоқтан пайда болған жоқ. Қазақтың рухани мұраларын сіңірген қазақ интеллигенциясы еуропалық дәстүрлі ойлау жүйесі мен мәдениетін ұштастыра, еуразиялық кеңістікте сол кезеңнің өзінде ұшқыр ой иірімдерімен жұртшылықты таң қалдырып отырды. Өкініштісі сол, ғасырлар бойы империялық пиғыл қазақ халқын сауатсыз да мәдениеті төмен ел ретінде еңсесін басып келді. Осындай күшпен алаш қайраткерлерінің санасуына тура келді. 1917 жылдың Ақпан революциясынан кейін ұлттық автономия құрастыру мен мемлекеттілік, оның формасы жөніндегі тұжырымдар қалыптасуы заңды болатын. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары арасында көзқарастары жағынан батысшыл және пантүркішіл, мұсылмандық бағытын жақтайтындарға бөлінеді. Олардың мақсаты бір, көзқарастары әртүрлі қалыптасты. Мұрағат қорларындағы «Алаш» партиясына қатысты деректер аталмыш топ өкілдерінің ұйымшылдығы мен бірлігінің анағұрлым мықты болғанын дәйектейді. Бұл елдің барлық аумағын қамтыған. Бұл жерде Ресейдегі большевиктер партиясы ақпан

төңкерісінен кейін жедел іс-қимыл және күштеу тетіктері арқылы көп мәселелерді орнына қойды [2].

XX ғасырдың басын, біртұтас төл элита өкілдерінің ұлттық мүдде ісі жолында тәуекелге бел буып, батылдықта қадам басқан кезеңі ретінде қарастыруға болады. Зиялылар тағдыры өте ауыр болғаны мәлім. Сол жұрт ісіне қызмет еткен тұлғалар бүгінгі жас ұрпаққа - өнеге. Заманауи кезеңде «Алаш және оның мұралары» өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Қазақ даласында 19 ғасырдың аяғында өріс алған демократиялық ойшылдардың астыртын іс-қимылы, XX ғасырдың басында бұқара арасына шыға бастайды. Алаштықтар большевиктердің билік басына шоғырланған тұсында, сыртқы саяси мәселелерді, әскери күш, көлік қатынасын қолға алу мүмкін болмайтынын түйсінген Алаш қайраткерлерінің ең бастысы, қазақтың ішкі мүддесін қорғайтындай ұлттық автономия құруға ұмтылысының тарихи мәні маңызды. Біздің

борышымыз ғасырға жуық арнайы архив қойнауында жатқан тарихи оқиғаны жадымызға қайтару болып табылады. Бұдан бұрынғы мәліметтердегі Қазақ съездерінің тізімінде Орал облысы бойынша 1917 жылы 15 наурызда Қарашығанақта, 13 наурызда 1,2-ші Орал болыстарында өткізілген съездер туралы ғана ақпараттар берілген болатын. Алайда, 1917 жылдың 19-22 сәуірі аралығында Қазақ даласындағы өткізілген Қырғыздардың (Қазақтардың) Орал облыстық съезінің төрт күнге созылған отырысының тарихи маңызы ерекше. Орал қаласындағы цирк ғимаратында 19 сәуір күні сағат 12.00-де алғашқы отырысқа облыстың барлық болыстарынан 800 өкіл қатысады. Бұлар Орал облыстық ұйымдастырушы және атқарушы Қырғыз бөлімі комитеті жанынан құрылған Комиссияның арнайы тексеруінен өткен өкілдер болатын. Съезд жұмысын Уақытша Облыстық қырғыз комитетінің төрағасы Әлібеков құттықтау сөзімен ашты және съезд төрағасын, оның екі тең төрағасын және ана тілінде хаттама жүргізі үшін съездің үш хатшысын сайлау туралы ұсыныс жасайды.

Съезд төрағалығына бір ауыздан Томск Аймақтық сотының прокуроры, Орал облысының қазағы Жаһанша Дос-Мухамедовты, тең төраға ретінде Уақытша комитет төрағасы Г.А. Албеков және 1-Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі А.К. Кальменов, хатшылыққа Г.Д. Жетпісов, Х.А. Ахмедшин, И. Арғанчаев сайланды. Съезд бостандық жолында қайтыс болғандарды орындарынан тұрып үнсіздікпен еске алғаннан кейін, олардың рухына құран бағышталды. Мемлекеттік билік жүйесі төкерісі жағдайында Уақытша Үкіметке князь Львов, Мемлекеттік Дума төрағасы Родзянко, Петроград жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесіне Юстиция министрі Керенскийге құттықтау телеграммасын жазу туралы қаулы қабылданды. Мұсылмандар қоғамдық қайраткерлері мен қоғамдық ұйымдары тарапынан Съезге келген құттықтаулары оқылды. Орталық биліктің төрағасы ретінде облыстық комиссар Бизянов, жергілікті жердегі татар қоғамдық ұйымдарының төрағалары Съезде құттықтау сөз сөйледі. Сонан соң Съезд бағдарламасы оқылды. Съезд төрағасы бағдарламаның алғашқы тармақтарын талқылаудан бастауды ұсынады: ... Мемлекеттік басқару формасы, Уақытша Үкіметпен қатынас қалай болу керек және соғысқа қатысты мәселе. Пікір алмасулардан кейін Съезд бірауыздан келесідей қаулы қабылдады: «1. Не вдаваясь подробности уже достаточно освещенных всей Демократией недопустимость в почас и преступных сторон старого монархического строя с его безответственными правительствам, Съезд находит, что монархизм – это символ рабства источник... одних народностей на других – должен исчезнуть навсегда; киргизский народ приветствует идею демократической республики, оставляя вопрос о национально-территориальной положении пока открытым... Федеративно-демократическую республику с учредительного собрания. 2. Обсуждая вопрос о войне и о последующем мире, съезд находит, что киргизский народ ... терпит от войны одинаковая лишения с другими народностями; его сыновья также



мобилизованы для обороны отечества; несмотря на переживаемые отечеством и в частности у киргизского народа тяжелая экономическая условия... 3. Всемерно поддерживать временное правительство пока деятельность его направлена к отношению уже оповещенной программы и к охране интересов демократии» [3]. Уақытша Облыстық Қырғыз комитеті төрағасы Әлібеков Комитеттің атқаратын қызметімен таныстырды және комитет құрамы мүшелерінің өздерінің өкілеттілігін тоқтататындығын хабарлап, жаңа жағдайға байланысты Съезге халықтың сеніміне ие болған өкілдерден жаңа облыстық Комитет мүшелерін сайлауды ұсынды. Комитеттің бұрынғы мүшелері мен басшыларына жасаған еңбектері үшін ризашылық білдіріп, Орал Облыстық Қырғыз өлкесінің ұйымдастыруымен кандидаттар

белгіленіп, оларды сайлауға кірісуді ұсынды. Нәтижесінде сайланғандар: Д.Д. Дос-Мухамедов, И.Т. Тук..., Х.У. Тасымов, Т.С. Сарыбушиев, И.М. Муканов, Д.С. Сарсенбаев, Губайдулла Алибеков, Г. Кусябғалиев, Б.А. Джанкадамов, Р.К. Каржаубаев, Д.И. Юлдузов, Х.Д. Досмухамедов, И.Т. Типаев, Н.А. Абенов, К.Д. Джаленов, Г.К. Исенгулов, С.А. Каратлеуов, ...ғалиев, С.У. Умаров, Б.П. Тлепин. Съездің үшінші күні 21 сәуірде Жергілікті басқаруды тіркеу туралы мәселе қозғалған. Бұрынғы бюрократтық басқару жүйесін съездің ауыл, болыс, уезд және облыстық комитеті түріндегі халықтық басқаруға өзгертудің қажеттілігі жөнінде атылған Халел және Жаһанша Дос-Мухамедовтердің баяндамалары тыңдалған. Жергілікті басқаруды қайта құру туралы Қарар қабылданады. Съезд Мәскеуде өтетін Жалпыресейлік мұсылман съезіне Орал облысынан қатысатын делегаттарды сайлайды: Д. Дос-Мухамедов, Г. Алибеков, С. Субханов –мұғалім, молдалар – Хаирша Ахметжанов, Х. Нурмухамедов, қажылар Мурзабердиев, Х. Андаюаев, Х. Таржаманова, И. Байгуренов және дәрігер Х.Д. Досмухамедов.

Съездің төртінші – 21 сәуір күні, Орал облысының далалық аудандарының өмір

тіршілігіне қатысты мәселелер қозғалды. Мысалы: 1). Орал облысы қырғыздарының бастауыш, орта және жоғары білім беру ісінің дұрыс қойылмауына байланысты: а) қырғыз мұғалімдер съезін шақыру; в) Орал қаласында ерлер гимназиясы бағдарламасымен орта оқу орнын ашу (қырғыз қаржысына орал шеберлер мектебі оқушыларының ғимараты тұрғындар мүддесімен мүлде сәйкес келмейтіндіктен) с) барлық жоғары және орта білім беру оқу орындарындағы Орал облысы қырғыздарының балаларының оқу ақысы көлемін өсіру; 2). Қазақ тілінде газет, брошюралар шығару; 3). Съезд облыстық Қырғыз комитетіне қазақтарға тиесілі қалалық және жергілікті жерлердегі қозғалмайтын мүліктерді анықтауды және олардың оны пайдалануын қадағалауды тапсырады; 4). Облыстық қырғыз съезі бүкіл жергілікті жерлердегі мәселелерді шешуді облыстық қырғыз комитетіне тапсырады, тосын жағдайларда комитет қажеттілігіне қарай өзге облыстардың ұйымдары және мекемелерімен келісімге келуді қарастыру керек болды. Жер және оны пайдалану мәселесіне байланысты Съезд қаулысынан үзінді келтірсек: ...Принять немедленно меры, чтобы учреждения, основанная на киргизский деньги и принадлежащие служить киргизам (школы, больницы, ветеринарная лечебницы, различные административные и др. учреждения), действительно обслуживали киргизов; 2) те из них которые почему либо не могут обслуживать киргизов, должны быть немедленно закрыты или упразднены, а киргизские деньги на содержание их не должны впредь отпускаться ...». Сол сияқты қазақ даласындағы жаңа жолдар салу, пошта-телеграф кеңесесінің санын арттыру бағытында шаралер қабылдау, облыс қырғыз Комитетіне облыс комиссарынан ана тілінде баспа жұмыстарына қажетті қазақ (татар) және орыс шрифтындағы баспа станогын пайдалану құқын алып беру туралы қаулы қабылданды. Алғашқы Қазақ съездері Сырдария облысында (Ақмешітте) 23-26 наурызда, Торғай облысында (Орынборда) 2-8 сәуірде, 18-19 сәуірде Ақмола облысында

(Көкшетауда), Семей облысында (Семейде) 27 сәуір мен 13 мамыр аралығында өткізілді. Орал облыстық қазақ комитеті мүшелері: Дәулетшах Кәсепғалиев 1929 жылдың қараша айында «Меңдешев тобының құрамында жікшіл күреске қатысты» деген айыппен қызметтен босатылады және «жартылай феодал әрі бұрынғы Алашорда қайраткері» деген екі санатпен тәркіленіп, Орал округінің 113 байы қатарында Жетісу округіне жер аударылады. Алпысбай Қалменов 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырайды. 1917 жылдың 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде де Алаш автономиясын жариялау мәселесінде де Жаханша және Халел Досмухамедов бастаған өкілдер белсенді үлес қосты. 1926 жылдың 2 ақпаны күні Қырғыз

Үкіметінің Батыс Алаш-Ордашыларының қызметі туралы баяндау-хатында келесідей түсінік береді: «<...> В заключении мы, представители Алаш-Орды, считаем необходимым заявить, что мы были призваны к временной власти и руководительству киргизской политической жизнью самим народом по его избиранию, мы несли власть, как тяжелое бремя и по мере сил и возможности осуществляли волю своего народа. Передавая добровольно вверенную нам власть Кирвоенревкому, мы исходили из сознания, что этим не нарушается основной принцип киргизских чайний-автономное Управление т.к. Кирвоенревком представляет или по крайней мере должен представлять осуществление той же идеи автономного Управления Киркрая, каковой идеи служили и мы. Являясь сторонниками той политической мысли, что пока будет вообще существовать государственная власть киргизский народ в целях самосохранения должен иметь свою государственный аппарат, мы совершенно не имеем намерения непременно добиваться участия в органах высшего Управления Киркраем, в то же время, не отказываясь и в дальнейшем от приложения нашего труда, наших сил и знаний для преуспевания края, каких бы политических убеждений лица не осуществляли высшую автономию власть края, мы не можем не протестовать всеми

фибрами нашей души против установления опять лишь «наизнанку» господства великодержавной нации, установления экономического рабства и обращения киргиз в политических приспешников и прислужников великодержавной нации. Представители Алаш Орды Д. Досмухамедов» [4]. Съезд жұмысының күн тәртібі мен шешімдерінен алаш зиялыларының тек Өңір ғана емес біртұтас Қырғыз (Қазақ) өлкесінің мүддесі мен мемлекеттілік формасына дейінгі мәселелердің саяси сауаттылықпен, заңнамалық номада зерек қарастырылғанын және ол шешімдердің нақтылығы мен тұжырымдамалық негіздеріне көз жеткізесіз. Бұл съездің бағдарламалық негіздері шілде және желтоқсан айында өткізілген Жалпықазақ съездерінің қағидаттарының, Алаш бағдарламасының құқық саласын құрады деуге де негіз бар. Бұл дегеніміз Қазақ өлкесіндегі зиялылар өзара шығармашылық және келісіммен іс-әрекеттерінің бастамалық дәстүрлерін айғақтайды. Алаш ағартушыларының Ташкенттегі өкілдерінің Досмухамедовтер, Жәленов, Дулатов, Тынышпаев, Битілеуов, Берімқанов, Қашқымбаев, Омаров [5] және басқалардың 1917-1937 жылдар аралығындағы білім беру, өнер, ғылым, экономика, қазақы салт-дәстүр, өзге мемлекеттердің зиялы қауымымен тең дәрежеде қарым-қатынасы және басқа да салаларды дамытудағы идеялары мен нақты іс-қимылының өзі кейінгі ұрпаққа рухани азық болғаны қаперде болу қажет. Осы орайда Жаханша және Халел Досмухамедовтердің халықаралық деңгейдегі интеллектуалдық әлеуеті жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыру қажеттілігі күмән туғызбайды. Съезд барысында және одан кейінгі 1929-1937 жылдар аралығындағы кенестік экономикалық-саяси науқандар іс-құжаттарында да азаматтық позициялары ерекше зерттеу жұмысына сұранып тұр.

1917 жылы шілде айында Алаш партиясын құрудағы басты себеп болған, яғни Кадет партиясынан өзінің шығу себебінің Ә. Бөкейхан негізгі мақсаттарын

көрсетеді: «Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт аутономиясын тікпек болдык», - деп түсіндірген болатын. Оған қоса, Орал, Торғай, Ақмола, Семейдегі қоныстас мужықтарды ескере келе, 1917 жылдың 31 қарашасында «қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ» деген пайым жасаған-ды. Алаштың көтерген басты мәселесі: жерді жеке меншікке бермеу, ұлт автономиясын құру, рухани істі аяқасты қылмау (дін ісін үкімет ісінен бөлу) болатын-ды. Сол сияқты 1918 жылдың 4

қарашасына дейін атауының өзі тәуелсіздік ұғымынан хабар беретіні шүбә келтірмес. Ендеше, бұл іс-қимылдардың астарында тұтастай ел тәуелсіздігі мүддесі тұрған болатын. 1918 жылдың 11 қыркүйегінде Уфада өткен Алаш-Орданың «Автономияны басқару және Алаш автономиясы территориясында жергілікті басқаруды ұйымдастыру» бойынша Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен өткізілген отырысына Танаев, Х. Досмухамедов, Ж. Досмухамедов, А. Бірімжанов, Ә. Ермеков, М. Тынышпаев қатысады. Отырыс қаулысының 4 және 5 тармақтарында Алашорданың не үшін екі бағытта басқаруға мәжбүр болғаны айтылады: «<...> 4) Областные и уездные комиссары назначаются Алаш-Ордой и временно пользуются всеми правами, предоставляемыми им законами Временного Правительства 1917 года. 5) Ввиду военного времени и слабого развития путей сообщения для фактического управления Западной частью автономии Алаш, в которую входят Букеевская Орда, Уильский Оляят, Мангышлакская к Закаспийской области, Актюбинские и Киргизский уезды Тургайской области, образуется отделение Алаш-Орда...» [6]. Партиялық ұйымдарды тазарту және кеңестік билікке қарсы топтардың әсері науқандарының құрбандарын Әлібеков, Аманжолов, Арынғазиев, Бисенов, Бөкейханов, Ғалиев, Ғұмыров, Даулетбеков, Жәленов, тағдырларын зерттеу күн тәртібінде [7]. 1933 жылдың 29 сәуіріндегі «өте құпия»

мәлімдемеге назар аударсақ: «... Следствием установлено, что организация вела активную подготовку к вооруженному выступлению и широко развернула вредительскую работу в социалистическом секторе сельского хозяйства, организовала массовый саботаж мероприятий правительства в восточных республиках Союза, ставя своей первоочередной задачей срыв весеннего сева, обострение продовольственных затруднений в районах деятельности организации и дискредитацию колхозов. Центр организации находится в г. Алма-Ата и возглавляется видным совработником Казахстана Мендешевым и Досмухамедвым Джиханшой. Примечание: Досмухамедов Джиханша при Колчаке возглавлял Восточное бюро правительства Алаш-Орды, продолжая в дальнейшем играть руководящую роль среди казахской интернационалистической контрреволюции, Досмухамедов в прошлом пом. Прокурора Омской судебной палаты. В 1931 г. за к.-р. деятельность выслан в Крым»[8].

Жаханша мен Халел Досмухамедовтың істеріне қатысты кеңестік құзырлы органдар 1970 жылдың қаңтар айында оларды «ақтау» дұрыс еместігі жөнінде анықтама жазды: «... Считаем, что архивно-следственное дело на Досмухамедовых Халила и Джанша, а также на Кадырбаева С. прекращены неправильно» [9]. Бұл құжаттың құндылығы бұл екі тұлғаның ғана емес, алаш қайраткерлерінің Алашорда ұйымындағы, Қырғыз (Қазақ) Үкіметі қызметі ауқымының маңыздылығы айқындалады. Бұл мәселе төңірегінде де зерделеу жұмысы жеткіліксіз. Мәселе, Жаханша және Халел Досмухамедовтер және басқалардың 1917 жылы қазан айында «Алаш» партиясы біртұтас біріккен күннен бастап оның мүшесі болуында. Оған дейін наурыз айында Ұлттық-демократиялық ағартушылық партиясы құрамында (Ж. Досмухамедов, У. Танашев, Ж. Ақбаев, З. Тоған, Г. Ходжаев, К. Тоғысов, Ш. Мухамедияров, А. Тұрлыбаев, Ә. Сәтбаев, Ә. Байгулин, М. Шоқай, Г. Оразаев және басқалар) болатын. Бас-аяғы бес-алты айдың ішінде алаш зиялылары көзқарастары ғана емес, ұлттық мүдде бағытында

ағартушылықтан демократиялық құрылымды мемлекеттілік орнату бағытына саяси шешімдер шығаруға дейінгі идеядан нақты іс-қимыл эволюциясы кезеңінен өтті. Қоғамдық-саяси ұйымдар «Шура-и-Ислями» Ұлттық-демократиялық

ағартушылық партиясы (Орал қ.), «Жас қазақ (Орал қ.)», «Жастар ұйымшысы (Бөкей қ.)» және басқалардың тарихи-идеялық негіздерін, Алаш мұратын саралау да маңызды.

### Қорытынды

1917-1918 жылдары Алаш-Орда ұстанымындағылардың елді ерек алып кете алатын әлеуеті болып па еді? Мүмкін емес-ті. Экономикалық-саяси жағынан жан-жақтан тікенекті шеңбердің ішіндегі жұртын алып шығудың шырғалаңы басым болатын. Ойлап қараңызшы, 1920-1990 жылдар аралығындағы нақты билік жүйесі кімнің қолында болды. Әрине, кеңес билігінің түрлі шешімдері де сол жерде «Орталықтан» қабылданды. Алаш қайраткерлері халықтың бірлігіне сенді және оны аманат етті.

Аманат жүгін көтерген халық, тәуелсіз ұлттық мемлекеттілігін орнатты. Қазақстан Республикасындағы халықтың біртұтастығы мен болашағы жолындағы Отанға адалдық сабақтастығы: «Нағыз демократиялы қоғамдағы ұлтты қарқынды дамыту және азаматтық идеяларды сіңіру үшін қазіргі мезгілде ең қолайлы жағдайды сөз жүзінде емес, іс жүзінде қалыптастырумен» [10] құнды болып тұр. Ұлттық тарих жан-жақты зерделенгенде ғана қоғам мүддесіне қызмет ете алады. Мемлекеттілікті кемеліне жеткізу – ұлттық сананың кемелденуімен тікелей байланыстылығы заңды құбылыс. Ендеше, архив қойнауындағы тарихи оқиғаларды зерделеуде тұлғалардың атқарған қызметін, оның өмір сүрген замана ахаулымен қоса қарастыру және пайымдау аса маңызды.

---

## Әдебиеттер

- [1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 17 Маусым 2023 жыл. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidynd-adiletti-kazakstan-adal-aza> [пайд. мерзімі: 18.06.2023 ж.].
- [2] Ерімбетова, Қ. Социализм «салтанатын» сейілткен айғақ. <https://edu.e-history.kz/kz>, №1 (22) сәуір-маусым 2020.; Қазақ оң жағына кешірім, сол жағына мейірім арқалап кеңшілікке жеткен ұлт. Алматы Ақшамы. 28.05.2011
- [3] ҚР ҰҚА АМА. 9-қор, 1-тізім, 309-іс.
- [4] ҚР ҰҚК АМА. 9-қор, 1-тізім, 309-іс.
- [5] ҚР ҰҚК. 1-қор, 8-тізім, 748-іс.
- [6] Сыдықов Е., Кашляк В. (2010). Город Алаш. Сборник документов. Семей. 217-218.
- [7] ҚР ПА. 719-қор, 1- тізім, 1432-іс.
- [8] «Совершенно секретно»: Лубянка-Сталину о положении в стране (1922-1934гг.): Сб. док. в 10 т. Т. 10 в 3 ч. 1932-1934 гг. Ч. 2. М., 2017. – С. 471- 473.
- [9] ҚР ҰҚА АМА. 9-қор, 1-тізім, 528-іс.
- [10] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында сөйлеген сөзі. 27 сәуір 2023 жыл. // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halky> [пайд. мерзімі: 10.10.2023 ж.].

## АЛАШОРДА В ИСТОРИЧЕСКИХ ДОКУМЕНТАХ: ПРОТОКОЛ ПЕРВОГО УРАЛЬСКОГО ОБЛАСТНОГО СЪЕЗДА

Кундузай Ерімбетова<sup>а</sup>

<sup>а</sup> Высшей школы искусства и гуманитарных наук, Международного университета Астана, доцент, к.и.н., 010000, Астана, Казакстан, E-mail: erimbet99@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается важность идеи Алаша, которая переплетается с идеей установления справедливого Казахстана в современный период. Изучены идеи Демократической Республики, которой следовали деятели Алаша Уральского региона, и причины поддержки Временного правительства на пути защиты демократической республики, а также документы, в которых изложены цели и идеалы деятелей Алаша при советской системе. На основе документа, касающегося деятельности алашских деятелей (Ж. Досмухамедова, Х. Досмухамедова, Г. Алибекова и др.), организовавших Уральский областной съезд кыргызов (казахов), проанализированы историческое значение и содержание съезда, сформулировано научное видение.

**Ключевые слова:** Алашорда, Временное правительство, съезд, Государственная дума, Национальная автономия.

## ALASHORDA IN HISTORICAL DOCUMENTS: PROTOCOL OF THE FIRST URAL REGIONAL CONGRESS

Yerimbetova Kunduzai <sup>a</sup>

- <sup>a</sup> Associate professor of the HShAH of the International University of Astana, candidate of historical sciences, erimbet99@mail.ru, 010000, Astana, Kazakhstan

**Annotation.** The article examines the importance of the Alash idea, which intertwines with the idea of establishing a just Kazakhstan in the modern period. It explores the ideas of the Democratic Republic advocated by the Alash leaders of the Urals region, the reasons behind their support for the Provisional Government in the pursuit of protecting the democratic republic, as well as documents outlining the goals and ideals of the Alash figures under the Soviet regime. Based on a document related to the activities of Alash figures (Zh. Dosmukhamedov, Kh. Dosmukhamedov, G. Alibekov, and others), who organized the Ural Regional Congress of the Kyrgyz (Kazakh) people, the historical significance and content of the congress are analyzed, and a scholarly perspective is formulated.

**Keywords:** Alashorda, Provisional Government, Congress, State Duma, National Autonomy.